

Төтенше жағдай енгізілген жерде халықаралық ізгілік көмекті бөлу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 наурыздағы N 271 қаулысы.

"Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Занының 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Төтенше жағдай енгізілген жерде халықаралық ізгілік көмекті бөлу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Казақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 4 наурыздағы
N 271 қаулысымен
бекітілген

Төтенше жағдай енгізілген жерде халықаралық ізгілік көмекті бөлу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Төтенше жағдай туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Занын іске асыру мақсатында әзірленді.

Осы Ереже төтенше жағдай енгізілген жерде халықаралық ізгілік көмекті бөлу тәртібін айқындайды.

2. Төтенше жағдай енгізілген жерде халықаралық ізгілік көмекті бөлу тәртібі

2. Қажетті халықаралық ізгілік көмектің номенклатуrasesы мен жүктөрінің көлемін аумағына төтенше жағдай енгізілген әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері жергілікті жер коменданттының келісімі бойынша айқындайды.

Қазақстан Республикасына нақты мекен-жайлары көрсетілмей келіп түскен халықаралық ізгілік көмек төтенше жағдай енгізілген жерде қажетті жүктөрдің талап етілетін номенклатуrasesы мен көлеміне сәйкес бөлінеді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 27 наурыздағы № 38-ө әкімімен құрылған Қазақстан Республикасының халықаралық ізгілік көмек мәселелері жөніндегі комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) өзіне жүктелген функцияларға сәйкес халықаралық ізгілік көмекті пайдалану мәселелерін шешеді.

Ескерту. 2-тармақта өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 23.10.2020 № 701 қаулысымен

3. Халықаралық ізгілік көмек Қазақстан Республикасына оны алушылардың нақты мекен-жайлары көрсетілмей келіп түскен жағдайда, аумағына төтенше жағдай енгізілген әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері:

1) ізгілік көмек жүктегін орналастыру және сақтау үшін белгіленген санитарлық нормаларға сәйкес қоймалық үй-жайларды беруді, осы жүктегін орналастыруды;

2) халықаралық ізгілік көмекті Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілдерімен өзара іс-қимыл жасай отырып бөлуді;

3) ізгілік көмек жүктегін бөлу жөніндегі істің жай-күйі туралы Комиссияға мәліметтер беруді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-тармақта өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.10.2020 № 701 қаулыларымен.

4. Қазақстан Республикасына төтенше жағдай енгізілген жердің нақты мекен-жайлары көрсетіліп, халықаралық ізгілік көмек ретінде келіп түскен жүктегі осы жүктегін тікелей алушыларға бөлінеді. Бұл ретте жүктегі алушылар Комиссияға халықаралық ізгілік көмекті бөлу жөніндегі істің жай-күйі туралы мәліметтер ұсынады.

5. Төтенше жағдай енгізілген жерде халықаралық ізгілік көмекті бөлуді және пайдалануды бақылауды Комиссия жүзеге асырады.

6. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары төтенше жағдай енгізілген жер коменданттының келісімі бойынша:

1) халықаралық ізгілік көмек ретінде төтенше жағдай енгізілген жердің аумағына келген жүктегі қажет болған жағдайда, күзетуді және баратын жеріне дейін ілесіп жүруді;

2) занды және жеке тұлғалардың халықаралық ізгілік көмек тауарларын осы жүктегін басқа занды және жеке тұлғаларға өткізуі (сатуы) мақсатында зансыз сатып алу фактілерін анықтауды қамтамасыз етеді.

7. Халықаралық ізгілік көмекті төтенше жағдай енгізілген жерде бөлу барысы туралы жұртшылықты хабардар етуді бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган қамтамасыз етеді (жергілікті жердегі комендантпен келісу бойынша).

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).